



ХФТАР 02.01.45

Мақала түрі: ғылыми мақала

<https://orcid.org/0000-0001-8433-729X>

<https://orcid.org/0000-0001-7024-6602>

<https://orcid.org/0000-0001-7824-7044>

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-233-247>

Философия пәнін оқытуда «Liberal Arts» моделін қолдану жолдары

Айымжан Рыскиева¹, Айгүлім Айтбаева^{*2}, Нурлан Муминов³

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹abuaymjan@gmail.com, ^{*2}aba-abd@mail.ru, ³n.muminoff@gmail.com).

Аңдатпа. Мақалада авторлар қазіргі заман маманы үшін жылдам өзгеріске түсіп жатқан нарық сұраныстарына жауап бере алу, яғни білімін үнемі жетілдіріп, жаңғыртып отыру, мамандығы аясында алған дағдыларының тар шеңберінен шығып кетуге икемді болу секілді шеберліктерді игертудегі маңызды жаңа технологияларға зер салып, соның ішінде еркін өнер және ғылымдар моделі жайында да ой қозғайды. Аталған модельдің құндылығы – пәнаралық байланыстың болуы және оқу үдерісінің түпкілікті түрдегі интербелсенділігі, ал басқа технологиялардан айырмасы – студенттердің негізгі және қосымша мамандану бағыттарын таңдай алуға септігін тигізуде және оқытушылардың статусы мен атқаратын роліндегі ерекшеліктерінде түйінделеді. Авторлардың пайымынша, модельдің ұтымды жақтарының бірі – оқу бағдарламаларына қатысты немесе студенттің таңдау еркіне сай қолайлы құрылатындығында және дайын білімді жинақтаудан гөрі сыни ойлауға қабілетті жеке тұлға қалыптастыруға бағытталғандығында көрініс тапқан. Сондай-ақ, мақалада Еуропаның, Азияның көптеген жоғары оқу орнында тәжірибеден өткен, өз тиімділігін дәлелдеген техника бағыттары (бірінші жылдың семинары, ұжымдық тапсырмалар мен жобалар, қоғамдық қызмет элементтері бар практикалық оқыту және т.б.) келтірілген. Авторлар өз пікірлерін жоғары білімі тар мамандандыру мен оқытудағы дидактикалық тәсілдердің қысымына ұшыраған елдерде еркін өнер және ғылым моделі студенттер мен оқытушылардың қолдауына ие болатын бірегей балама тәсілдеме бола алады деген тұжырыммен қорытады.

Түйін сөздер: философиялық білім; «Liberal Arts»; философияны оқыту әдістемесі; ғылыми әдебиет; философиялық мәтінді талдау; тіл; түсіну; герменевтика.

Received 15.09.2023. Revised 09.10.2023. Accepted 01.03. 2024. Available online 29.03.2024.

For citation:

Ryskiyeva A.A., Aitbayeva A.B., Muminov N. Methods of Applying the «Liberal Arts» Model in Teaching Philosophy // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2024. – Vol. 146. – №. 1. – p. 233-247. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-233-247>

Для цитирования:

Рыскиева А.А., Айтбаева А.Б., Муминов Н. Способы применения модели «Liberal Arts» в преподавании философии // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2024. – Т. 146. – №. 1. – С. 233-247. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-146-1-233-247>

Кіріспе

Бүгінгі таңда еліміздің ғылым мен білімге басымдық беру саясатына орай, оны тереңірек игеру және зияткерлік деңгейді көтеру ұстанымы білім беру үдерісінен бастау алады. Жоғары және арнаулы оқу орындарында кәсіби философия мамандығы емес топтар үшін міндеттелген оқу пәндерінің бірі – философия ғылымы күрделі және іргелі сала. Кей тұстарда философияны оқып үйрену студенттерге біршама қиындық тудырады. Оның бірнеше өзіндік объективті, субъективті себептері бар. Бұл көп жағдайда қазақ топтары үшін ана тіліміздегі оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеуінен, осының салдарынан тәлім алушының көптеген терминдер мен түсініктерді ұғыну мүмкіндігі төмендейді.

Біз талдап отырған әдіс осындай заманауи талаптар мен қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Кейбір ғылымдарды оқытудың арнайы әдістемесі жетілген, ал кейбірінде бұл сала кешеуілдеп қалған. Оқыту әдістемесі жетілмей қалған ілімдердің бірі осы философия пәні.

Сондықтан, жаңа әдістерді пайдалана отырып, философия ғылымының іргелі мәселелерін студенттерге қалай егжей-тегжейлі түсіндіре аламыз деген сауалдың өзектілігі ескерілді.

Бұл үрдісте студенттердің философиялық ойлау дағдысын қалыптастыру, шығармашылық үдерісін жандандыру мен жетілдіру сияқты үрдістер негізге алынды. Студенттің өз бетінше ізденуіне, ойлануына, өз ойын білдіріп отыруына, жаттандылықтан арылып, мәтін мағынасын толықтай түсінуге де жол ашатын үлгілерді ұсыну қазіргі заман талабы.

Осы бағыттардағы шешімдерді іздестіру ісінде қазіргі күні көптеген шетелдік ізденушілер түптамасы антика дәуірінен бастау алатын, ортағасырлық білім берудің негізін құраушы *еркін өнер және ғылымдар моделіне* («Liberal Arts») қайта назар аударуда. Бұл әрине жетілдірілген, заман талабына сай модернделген эксперименттік жоба. Модельдің негізі америкалық Бард-колледжде қаланған.

Бұл модельдің құндылығы – пәнаралық байланыстың болуы және оқу үдерісінің түпкілікті түрдегі интербелсенділігі, ал басқа технологиялардан айрықшалығы – студенттердің негізгі әрі қосымша мамандану бағыттарын таңдай алуға тигізетін септігі және оқытушылардың мәртебесі мен атқаратын рөліндегі ерекшеліктерінен туындайды. Яғни, оқытушының міндеті бұрынғыдай тапсырма беріп, оны тексеріп-бағалау ғана емес, бастысы – студентке қажетті сұрақтарды қоя отырып жауаптарды іздеу процесінде жетекші, бағыт-бағдар беруші бола білу (Авдонина, 2017).

Бұл прагматизмдегі оқыту үрдісінде қалыптасқан «субъект-объект» қатынасы бойынша емес, «субъект-субъектілік» қатынасын негізге алатын бағдарды қамтамасыз ете алады. Бұл тұста, төмендегідей оқыту әдісінің үлгісін ұсына отырып, 2-нші субъектінің, яғни, білім алушының өзінің жеке қабілеттерін ашуға сол субъектінің өзі ықпал етуіне жол ашу керектігін ұсынамыз. Демек, білім алушы субъект екі жақты әрекет ете алуы тиіс: ұсынылған материалды игеру және өзімен-өзі жұмыс жасау, өзінің қабілетін ашуға сырттан таңылған экзогендік факторлар емес, өз мүмкіндігін толыққанды пайдалану керектігін түйсінген жағдайда, білім алушы субъект үшін өзі қайтадан объектіге айнала алады.

Сонымен қатар өз тарапымыздан бұл әдістеменің жаңа да жағымды ерекшелігіне – қайнақ мәтіндермен тығыз жұмыс жасау арқылы студенттердің білімін тереңдету және бекіту сынды қызметтерін атап өткенді жөн көреміз. Әдетте, философия пәнін оқытуда қарастырылатын мәселенің ауқымдылығына, бөлінетін уақыттың тығыздылығына байланысты тікелей дереккөздерін оқу, талдау мәселелері назардан қалыс қалып жататыны әрбір пән оқытушысына таныс мәселе.

Әлем күн санап тез өзгеріп отыр, ал Liberal Arts – бұл болашаққа деген көзқарас, ол дегеніміз – келесі күні маңызды емес болып қалуы немесе мүлде жоғалып кетуі мүмкін бір ғана білім саласын егжей-тегжейлі зерттегеннен гөрі сыни тұрғыдан ойлау және бірден бірнеше саланы түсіну дағдыларын қалыптастырады (Цыпцына, 2020).

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл өзіндік көзқараста ба білу, проблемалық мәселе бойынша әдебиетте ұсынылғаннан өзгеше өз пікірін қалыптастыру. «Сыни» ұғымы сұрақ қоюды немесе белгілі бір көзқарасқа күмән келтіруді де қамтиды. Бұл тәсіл постмодернизмнің сыни теориясының негізін қалады (Rothblatt, 2003: 36-37). Шындығында, қазіргі таңда постмодернистік мәдениеттегі өтіп отырған объективті үдерістерді білім беру саласында қолдану керектігі мен бұрынғы білім беру үрдісіне сынмен қарауды Лиотар атап өткенмен, олар білім берудің педагогикалық технологияларына жете үңілмеді. Бұл әдісті қолдану аясында постмодернистік ұғымдар мен түсініктердің кейбірін базалық-теориялық бағдар ретінде арнайы түрде таңдап алудың өзі маңызды екендігін атап өткендігіміз жөн. Біздіңше, ацентризм постмодернистер тұжырымдағандай, постмодернистік мәдениет пен қазіргі заман адамының келбеті ғана емес (яғни, заман болмысын сипаттайтын, түсіндіретін құрал емес), оны барлық салада, білім беру жүйесінде де қолдану оң нәтиже беретін дискурс деп те бағамдауымызға болады. Оқу үрдісіндегі бір ғана тақырыпқа бағындырылған, тотальді орталықты басшылыққа алу емес, білім мазмұнының көптүрлілігі де негізге алынуы тиіс. Сайып келгенде, бұл әдісте көптүрлілік пен гибридтілік тәжірибесі жүргізілгендігіне орай, детерминантты байланыстар да жойылады. Өнер мен білім жеке дара, бір-біріне оқшау, тікелей байланыса алмайды деген дәстүрлі қалыпты ойлау жоққа шығарылады да, екеуі гибридтеледі (жағымды мағынасында), бұл гибрид тәжірибеде тексерілген үрдіс қана емес, оңды нәтиже арқылы аяқталып қалмайтын беталыс. Яғни, қолданылған әдіс сабақ соңында бұл саладағы, қозғалған тақырыптағы білімдерді әрі қарай жетілдіру қажеттігі туралы ой салуы тиіс. Бұл ой, білім алушыға өздігінен, өзінің түйгендері арқылы өзіне-өзі құрылымдануы қажет.

Ал Liberal Arts моделінде білім беру үдерісі мүлде басқаша құрылған. Студенттің өзі өзінің кәсіби және жеке қызығушылықтарына сәйкес келетін, сондай-ақ білім көкжиегін кеңейтетін курстарды таңдап, жеке кестесін жасайды. Нәтижесінде бірдей оқу тарихы бар оқушыларды табу мүмкін емес (Дзонис, 2020). Бұндай таңдау еркіндігі жан-жақты білікті мамандарды даярлауды ғана емес, стандартты, әмбебаптылықтан арылуға да ықпал етеді. Сондықтан да, білім мазмұны тұйықталған түрде емес, барынша ашық, аяқталмайтын, үздіксіз болу шарттарына бағындырылады. Жеке курстардың өзі міндетелмеген және таңдауға байланысты өзгеріп отыруына да жол ашады. (Әрине, бұл тұста білім мазмұны өзінің жарнамалық жағына назар аудару, ол өз алдына бөлек мәселе ретінде қарастырылады).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Әмбебап білімге ұмтылыстың негізі саналатын философияның білім беру тұрғысынан да әмбебаптығын сақтауының мәні орынды. Мұнда жоғары білім беру жүйесіндегі академиялық еркіндіктің философияның әмбебап мазмұнын берудегі мүмкіндіктерді кеңейте түсетіндігін де атап өткен жөн. Философия қатып қалған шеңбер мен қасаң қағидалар аясында өмір сүре алмайды, өйткені, оның табиғатына терең ойшылдық, зерттеушілік, ізденімпаздық қарекет тән. Еркін өнер және ғылымдар моделі бойынша білім берудің басты қағидасы – студентті нақты бір сала бойынша кәсіби мамандыққа даярлаудан гөрі оны ең бірінші кезекте *тұлға ретінде жетілдіруге басымдық* беру, яғни, динамикалық түрде дамып отырған әлеуметтік және экономикалық ахуалға дәл сондай шапшаңдықпен жауап бере алатын, кез келген жаңа талапқа бейімделгіш маман қалыптастыру. Осы қырынан алған кезде, еркін өнер және ғылымдар моделін жақтаушылар – заманауи өмір талаптары үшін бір пән бойынша терең білім алуға қарағанда – оқуға, білімін үнемі жетілдіруге деген ұмтылыс, сыни ойлауға қабілеттілік пен өз ойын еркін жеткізе алу шеберлігі әлдеқайда құндырақ деп есептейді. Студенттер сабаққа өз бетінше дайындалады, материал іздейді, сұрақтар қоюға және жауап табуға үйренеді. Бұл жағдайда мұғалім жаңа нәрсе айтып қана қоймай, ең алдымен оқушыларға ойлауды үйренуге және олардың қабілеттерін ашуға көмектеседі. Бұл әдіспен білім беру процесі «bounded uncertainty» деп атауға болатын жүйемен басқарылады (Schmitter және Karl, 1991: 82).

Біздің пайымдауымызша, жаңа білім беру бағдарламаларында көп айтылып жүрген құзыреттілік бағытты қамтамасыз етуде де осы модель шешуші рөл атқара алар еді. Сөзімізді дәлелдеп көрсек.

Модельдің ұтымды жақтарының бірі – оқу бағдарламаларына қатысты, немесе студенттің таңдау еркіне сай қолайлы құрылатындығында. Студент өзінің бұл құқығын екі түрлі жағдайда іске асыра алады: біріншіден, оқу жоспарының икемділігі арқасында ол өзі үйренетін курсты еркін таңдай алады; екіншіден, өзі қызығатын салада ғылыми бағытты таңдай алуына (мамандануына) барлық мүмкіндік бар. Ал, студенттің өз жеке оқу траекториясын қалыптастыра алу құқы білім беру үдерісін демократияландырудың басты шарты екені баршаға аян. Таңдау еркі болуының өзі жоғары білім алуға әмбебап жолдың жоқтығын, немесе баршаға бірдей оқу жоспарының болуы мүмкін еместігін меңзейді. Модельді жақтаушылардың ойынша, таңдау еркі артықшылықтарының тағы бір қыры – жоғары оқу орнына қабылданған жас адамға берілетін ғылыми бағытты таңдау мүмкіндігі – студентті өмір бойына білім алу процесінде даму мен өзгерістерге даяр және дайын білімді жинақтаудан гөрі сыни ойлауға қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастырады.

Талқылаулар мен нәтижелер

Оқу жоспарының басты мақсаты ретінде еркін өнер мен ғылымдарды қалпына келтіре отырып, көптеген университет оқыту мен оқу-әдістемелік жұмыстарға басым көңіл бөле бастады (Altbach, Gumport, және Berdahl, 2011). Заманауи еркін өнер және ғылымдар моделінің еуропалық классик білім беру жүйесінен айырмасы да дәл осы

қағидада. «Liberal Arts» моделінің оқу жоспары білімнің кеңдігін ғана емес, тереңдігін де қамтамасыз етуді көздейді. Білім көлемінің кеңдігіне әдетте студенттер классикалық мәтіндермен және зерттеудің маңызды әдіс-тәсілдерімен таныс болатындай етіп жасақталған белгілі бір міндетті курстардың жинағымен қол жеткізіледі (Ван дер Венде, 2014). Мысалға ол жинаққа талапқа сай жіктеліп отыратын мынадай курстар кіруі мүмкін: шет тілдері, ана тіліндегі классикалық шығармалар, әлеуметтік ғылымдар, әдебиет және мәдениет, тарих, гуманитарлық ғылымдар, өнерді талдау, математика немесе компьютерлік ғылымдар, практикалық өнер түрлері, зертханалық жұмыс компоненттері бар курстар және т.б.

Осы жерде маңызды үш мәселенің басын ашып алған жөн. Біріншіден, еркін өнер және ғылымдар моделінің стандарттарына сай болу үшін әрбір студенттің оқу жоспарының кең көлемділігін қамтамасыз етуде белгілі бір талаптар құрылымы қажет. Мұндай кең көлемділік міндеттелмесе жүйенің берік негізі қаланбайды. Екіншіден, заманауи еркін өнер және ғылымдар моделінде оқу жоспары гуманитарлық ғылымдар мен өнерді үйренумен шектеліп қала алмайды, оның құрамына математика мен жаратылыстану ғылымдары міндетті түрде енгізілуі тиіс. Бұл болашақта студенттің қазіргі заман азаматы үшін маңызды міндеттерді шеше алу дағдыларын игеруі мақсатында аса қажет. Үшіншіден, талаптар санының тым көп болмағаны оң, себебі, басқаша болған жағдайда студент таңдау еркінен айрылып қалуы мүмкін.

Білім сапасының тереңдігі мәселесіне келсек, Альтбах тұжырымдағандай, «үлғайып келе жатқан әлемдік экономика үшін адами ресурстарды дамытудағы жоғары білімнің шешуші рөлі кеңінен танылды және дәлелдеуді қажет етпейді. Соның негізінде білім берудің мақсаттары туралы пікірталас қайта басталды және университеттің оқыту мен оқу жоспарына басымдық беретін миссиясын қайта құру қажеттігі туралы түсінік пайда болды» (Altbach, Reisberg, Rumbley, 2019).

Оқу жоспары, әдетте, студенттің оқытушымен бірлесе отырып мамандануын және ғылыми ізденістер аймақтарын таңдауын талап етеді. Студентке қойылатын талаптар айқын да түсінікті болуы шарт. Мамандану бағдарламалары студенттің өзі таңдаған тақырыбы бойынша белгілі бір курстар жинағын игеруін және олардың белгілі бір ретпен оқытылуын қажет етеді, әрі бірқатар міндетті пәндерді игеруді меңзейді. *Басты міндет* – студенттің ең болмаса тұтас бір интеллектуал аймақта (тіпті екі аймақ болуы да ғажап емес) қажетті кәсіби квалификацияны меңгеруі (Беккер, 2014: 24).

Еркін өнер және ғылымдар моделі негізінде заманауи білім берудің тағы бір маңызды бөлігі – оқыту, сабақ беру мәселелері. Бұл тұстағы сөз оқытудың мазмұны жайында ғана емес, жалпы білім беру үдерісіне деген тәсілдемеге де қатысты. Студентке бағытталған интербелсенді әдістер аудиторияның бұрынғыдай оқытушының студентке тікелей дайын білімді ғана беріп қоятын орын болудан қалғанын меңзейді. Дәл осы жерде студенттер берілген материалдарды талдайды, мәтінге қатысты өз интерпретацияларын ұсынады, пікір таластырады, іскерлік ойындарда түрлі ахуалдарды модельдейді, бір-бірінен үйренеді, қорытындылайды т.б. Мұндай әдіс-тәсілдер оқу үдерісін демократияландыруға зор ықпал етеді десек, осы үдерісті іске асыру үшін студентке аудиториядан тыс көп еңбек етуге тура келетіндігін де естен шығармаған дұрыс. Өз жеке позициясын қалыптастыру, тіпті оқытушының пікірінен өзгеше өзіндік қорытындылар жасау үшін студент аудиторияда талқыға салынатын

түпкі қайнаркөздермен, аналитик мәтіндермен алдын ала танысуы шарт. Біраз уақыт, күш жұмсауды қажет ететін осындай жұмыстың арқасында студенттер тұщымды ойлар ұсынып, өзіндік айрықша қорытындылар жасауға қабілетті болады.

Бұл технологиялар жөнінде Нобель сыйлығының лауреаты Т.Р. Чек былай дейді: «Менің субъективті көзқарасым, дегенмен, көрнекті ғалымдар либерал өнер колледжінде алған білімдерін ірі ғылыми-зерттеу университеттеріндегі білім деңгейімен салыстырған кезде, олардың көпшілігі өздеріне мансаптық биіктерге жетуге көмектескен либерал өнер мен ғылым жүйесі екенін атап өтеді» (Сеч, 1999).

Әрине, мұндайда педагогикалық әдіс-тәсілдер оқытылып отырған пәннің ерекшелігі мен оқытушының жекетұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты өзгеріп отыратыны айқын. Пәннің мазмұнына сәйкес интербелсенділіктің дәрежесі де жиі өзгеріп тұратыны тағы бар. Айталық, компьютерлік технологиялар мен философияның пәндік құрылымы да, міндеттері де екі басқа. Осы тұста біз қарастырып отырған модель бойынша оқытуда басымдыққа ие болуға тиіс белгілі бір сипаттамалар бар. Атап өтсек:

- оқыту интербелсенді тәсілдерді қолдану арқылы жүргізілуге тиіс;
- студенттерді үнемі сұрақ қойып, белгілі бір қағидаларды түсінуге;
- сыни көзбен қарауға, тіпті оларға күдік келтіруге итермелеген жөн;
- оқытушыда білім мазмұнына деген монополия болмауға тиіс;
- оқып-үйрену үдерісінің басым бөлігі аудиториядан тыс жүреді.

Төменде аталып өтетін оқыту тәжірибелері америкалық колледждерде, Еуропаның, Азияның, Ресейдің көптеген жоғары оқу орнында тәжірибеден өткен, өз тиімділігін дәлелдеген техникалар.

Қазіргі таңда көптеген оқу орындары өз оқу жоспарына *бірінші жылдың семинары* деп аталатын оқу формасын міндетті түрде енгізуге тырысады. Мұнда студенттер легі шағын топтарға бөлініп, осы оқу курсына жауапты оқытушының/тьютордың жетекшілігімен бірінші оқу жылы бойына тұрақты өткізілетін сабақтарға жазылады. Бұл сабақтарда басты назар студенттерде интеллектуал және практикалық құзыреттіліктерді дамытуға септесетін – сыни ойлауға, жиі өткізілетін жазба жұмыстарға, ақпараттық сауаттылықты арттыруға, коммуникацияға, топтық жұмыстардың белсенді формаларын қолдануға аударылады. Сабақтарда ойлау және өз көзқарасын дамыту, кез келген жағдайды әртүрлі қырынан көруді үйренуге баулиды. Басымдықтарды белгілеу, кәсіби ахуалдарда маңызды және қызықты бағыттарды таңдау, оларға тереңірек енудің жолдарын іздеу қажет болады. Бұл сабақтарда тьютор студент үшін оның білім беру бағдарламасының және жалпы университеттің қолда бар ресурстарын көрсете отырып, оларға бағыт ұстауға, сондай-ақ оларды өздерінің жеке ерекшеліктеріне, мақсаттары мен басымдықтарына сүйене отырып барынша тиімді пайдалануға көмектеседі. Сондай-ақ тьютор уақытша перспективаны құруға ықпал етеді, соның арқасында студент өзінің даму динамикасын көре алады және оларды өзінің жоғары білімін жеке әлеуетін ашу құралы ретінде саналы түрде қолдана алады. Ең бастысы, студент тьютор арқылы бірқатар маңызды мета-құзыреттіліктерді және soft-skills-ті дамыта алады. Мұның барлығы студенттің оқу курстарын сапалы және жүйелі түрде игеруіне ықпал етеді, сонымен қатар болашақта кәсіби тапсырмаларды орындау кезінде пайдаға асады.

Тиісінше, тьютор өз жұмысында, студенттердің, ата-аналардың, университет әкімшілігінің және еңбек нарығының мүдделерін ескеруге тиіс әртүрлі сұраныстарға тап болады. Осыларды ескере отырып, барлық қажетті функцияларды тиімдірек орындау үшін және қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бұл қызмет бірнеше негізгі бағыттарға бөлінеді.

Н. Пилипчевская өзінің: «Тьюторлық қызмет: теория және практика» атты жұмысында білім алушылармен және студенттермен жұмыс кезінде қолданылатын тьюторлық консультациялардың бірнеше түрін ажыратады:

старттық – оқу жылының басында өткізіледі; мұнда білім алушылар немесе студенттер тьютормен бірлесіп жақын аралықтағы мақсаттар мен міндеттерді белгілейді, өздері күтетін нәтижелерді тұжырымдайды, жұмысты жеке немесе өздерінің тьюторлық тобымен өткізу бағыттарын жоспарлайды;

аналитиктік – жеке білім беру бағдарламасын іске асырудың белгілі бір кезеңі талданады; болған оқиғаның «артықшылықтары» мен «кемшіліктері» анықталады; тьютор студенттерінің алдында тұрған қиындықтар мен тәуекел жағдайлары туралы ескертеді, болашаққа тілектер мен ұсыныстар айтылады;

жұмыс барысы – күнделікті жұмыстың аралық қорытындылары шығарылады, жеке білім беру бағдарламасын іске асырудағы қиындықтар, олардың себептері мен еңсеру тәсілдері анықталады;

қорытындылау – әр студенттің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қатысты жеке білім беру бағдарламасын іске асырудың белгілі бір кезеңінде ілгерілеу үрдістері белгіленеді;

тақырыптық – студенттердің қажеттіліктеріне негізделген өзекті мәселелер талқыланады (Пилипчевская, 2009).

Еркін өнер және ғылымдар моделі бойынша жүргізілетін жұмыстың тағы бір түрі – **студенттік қауымдастықтар**.

Студенттік қауымдастықтардың негізгі мақсаты – студенттердің университеттің, оқу пәндерінің шеңберінен тыс маңызды мәселелерді шешуіне бағытталған білімдік тәжірибелерді жинақтауына жағдай жасау. Студенттер тобы бір немесе бірнеше оқу курстарын таңдап, профессорлармен жұмыс жасайды. Мысалы, олар бірнеше пәннің тұрғысынан зерттелетін нақты бір-екі мәселе айналасында, мамандыққа қажет кәсіби сауалдар, немесе қоғам үшін аса маңызды проблемалар болуы мүмкін.

Үшінші түрі – **жазбаша тапсырмаларды кең көлемде қамтитын курстар**. Мұндай курстар кез келген пән аясында жүргізілуі ықтимал. Олардың қатарында курс, диплом жұмыстар да бар. Мақсат – студенттерді жазу дағдыларын жетілдіруге, жазба жұмыстарды редакциялауға баулу. Үнемі қайталанып отыратын жазу тәжірибесі сандық және ақпараттық сауаттылықтың, ауызша қарым-қатынастың дамуына, түрлі этикалық проблемаларды талдап, жіктей алу шеберліктерінің динамикалық түрде жетілуіне әкелетіні зерттеулер нәтижесінде дәлелденіп отыр.

Ұжымдық тапсырмалар мен жобалар деп аталатын келесі жұмыс түрі негізгі екі мақсатты көздейді: топта жұмыс істеуге және проблемаларды шешуге үйрену; сондай-ақ өзгелердің пікірін, ұстанымдары мен позициясын тыңғылықты тыңдау нәтижесінде өзіндік түсінім дағдысын жетілдіру. Бұл жерде тәсілдемелер бір курс аясындағы топтық жұмыстан бірлесе орындалатын жобалар мен ізденістерге дейінгі аралықты қамтиды.

«Liberal Arts» моделі бойынша атқарылатын жұмыстардың келесі ауқымды бағыты – *студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы*. Оқырманға жоғарыда аталған жұмыс түрлері сияқты бұл бағытта да еш жаңалық жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Мақсат – студенттерді ең өзекті проблемаларды зерттеуге, эмпирик бақылауға, ультразаманауи технологияларға тарту және шын мәнінде маңызды проблемаларға жауап іздеуге деген құмарлықты ояту. Бұл үшін еркін өнер және ғылымдар моделінде қолданылатын нәтижелі ішкі технологиялар бар. Олар жөнінде төменіректе ой қозғайтын боламыз.

Келесі бағыт – *әлемнің алуантүрлілігін зерттеп-үйрену* бағыты.

Көптеген жоғары оқу орындары студенттерге олардың өздерінікінен бөлекше болып келетін мәдениеттерді, дүниеге көзқарас пен өмірлік тәжірибелерді меңгерулеріне мүмкіндік беретін курстар мен бағдарламаларға айрықша мән береді. Олардың мазмұны нәсілдік, этникалық, гендерлік ерекшеліктерге немесе бүкіл әлемде шешімін таппай отырған – адам құқы, еркіндік, билік мәселелеріне қатысты болуы да ықтимал. Мұндай курстар жергілікті қауымдастықтарда жүргізілетін практикалық зерттеулермен немесе шетелдік тағылымдамалармен толықтырылып отырады. Авторлар тарапынан бұл курсты Қазақстан жағдайында да аса қажет жұмыс бағытының бірі деп атап көрсеткіміз келеді.

Тағы бір қызықты жұмыс бағыты – *қоғамдық қызмет элементтері бар практикалық оқыту* деп аталады. Бұл білім бағдарламаларында оқыту жергілікті қауымдастықтармен бірлесе отырып жүргізіледі және бұл жағдайда практикалық жұмыс курстың міндетті бөлігі. Курстың басты идеясы – студенттерге оқу жоспары аясында оқытылатын пәндерге байланысты жұмыс тәжірибесін игерту, әрі сол арқылы жұмыс барысында кезігуі ықтимал проблемаларды талдай отырып шешуге машықтандыру. Маңыздысы – алынған білімді шынайы жұмыс жағдайында қолдана білу. Жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу – мұндағы тағы бір маңызды мәселе болып саналады.

Алдыңғы бағытқа ұқсас *тағылымдамалар* деп аталатын жұмыс бағытында да басты мақсат – студенттердің болашақ карьерасына байланысты жұмыс орнында алатын тәжірибесі. Бұл жерде олар осы кәсіп иелерімен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, кәсібіне қажетті түрлі дағдыларды игереді. Тағылымдама жалпы оқу жүктемесіне енгізілген болса, студент оқытушы бағалайтын қорытынды жоба немесе жазбаша жұмыс даярлайды.

Мақаламызда сөз болатын еркін өнер және ғылымдар моделі бойынша жүргізілетін жұмыстың соңғысы – *шешуші курстар мен жобалар* деп аталады. Шешуші немесе қорытынды, диплом немесе жоба деп атала ма – ең маңыздысы студентке жылдар бойы алған білім-дағдыларын қорытып көрсете алатындай мүмкіндік берілуге тиіс.

Енді уәде етілген ішкі технологиялар мен әдістерге келетін болсақ, барша ерекшелік осы жерде. Атап қана өтетін болсақ:

- еркін жазба (*free writing*);
- шоғырландырылған (*focused writing*) жазба;
- шағын топтардағы жұмыс;
- нарратив жазба;
- метатанымдық жазба;
- кеңейтілген мәтін (*hipertext*);

– «мен көріп тұрмын» – «мен көрмей тұрмын» тізімі (берілген сурет бойынша жұмыстар);

– бірлесіп оқу;

– диалектикалық дәптер (*dialectical notebooks*);

– бейнелермен жұмыс (*working from images*).

Бұл ішкі сабақ технологиялары жөнінде бүге-шігесіне дейін тарқататын болсақ ақпараттың бір мақала көлеміне сыймайтынын ескере отырып оларды алдағы мақалалардың еншісіне қалдырдық. Әзірге үлгі ретінде еркіндік тақырыбына арналған сабақтың дайын сценарийін берумен шектелуді жөн көрдік.

Тақырып: Еркіндік философиясы.

Мақсат: Тұлғаның алдына қойған мақсаттарын орындаудағы ішкі еркіндік шектері мен мүмкіндіктерін және жауапкершілікті айқындаудың маңызын ұғындыру.

Сабақ жоспары (100 минут):

1. Адам және оның еркіндігі
2. Жағымды және жағымсыз еркіндік
3. Еркіндіктің деңгейлері
4. Еркіндік пен жауапкершілік

Қолданылатын технологиялар: кіріспе сәлемдесулер, еркін жазба, дәріс, ассоциативтік қатар құру – музыка тыңдау, нарративтік жазба; рефлексия, үлгілерді пайдалану т.б.

Сабақтың барысы:

1. Сәлемдесу мен дайындық: 5 мин.

2. «Еркіндік философиясы» тақырыбына дәріс (көрсетілімі бар) – 45 мин. Дәріс білім берушінің нарративтерімен ғана толтырылмауы керек, сұрақ-жауап түрінде белсенділікті қамтамасыз етуі қажет. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, сұрақ-жауаптың өзінің регламентациясы болғаны жөн.

3. Еркін жазба, (қағаздан қаламды еш айырмастан) – 5 мин.;

4. Музыкалық шығарманы тыңдау: «Гладиатор» фильмінде орындалатын Ханс Циммер, Лиза Джеррардтың «Now We Are Free» музыкалық шығармасы бойынша ойша ассоциативтік қатар құруға үйрену және бейнелік жад қалыптастыруға дағдылану. Студенттерден өз сезімдері жайында әрі осы музыкалық шығармада қандай сезім түрлері бейнеленгені және оларды сөзбен түсіндіріп беру жөнінде сұралады (трек – 4 мин. <https://youtu.be/UGBiQPmneek>; талқылау – 10 мин.);

5. Альбер Камюдің – «Бөгде» кітабынан алдын ала берілген фрагмент бойынша нарративтік жазба орындау – 10 мин. – жазу (Әрине, алдымен, таратылған материалдар аясында А. Камюдың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мағлұматтар беріліп, оның негізгі көзқарастары баяндалуы тиіс. Сондай-ақ, басқа тақырыптар мен нарратив жазбалар бойынша білім беруші өзіндік бір озық деп табылған үлгілерін алдын ала ұсынуы тиіс, бірақ бұл үлгінің өзі шартты екендігі ескертілуі қажет).

15 мин – талқылау; Талқылау алдымен, мазмұнды игеру арқылы оған интерперативциялар жасаумен жалғасын табады. Интерперативияларда еркіндік болуы тиіс, А. Камю идеясын сынауға да мүмкіндік берілуі қажет.

6. Өтілген тақырып пен сабақ барысы бойынша 5-6 минуттік рефлексия.

Сабақ соңында барлық мазмұн бойынша алынған білімнәтижелерін тексеру барысында білім беруші алдымен, білім мазмұны және еркін ойлаудағы шығармашылық, сыни, креативті ойлау нәтижелеріне назар аудару керек. Тіпті, шағын фрагменттер мен ассоциативті ойлау жүйесінің нәтижелеріне көңіл аудару да аса маңызды, қажет жағдайларда, төлтума, сыни, эвристикалық ойдың нәтижелерін білім алушыларға жариялауға да болады. Бірақ алынған фрагменттерді иерархияға қойып жариялау мақсат етілмеуі тиіс.

Өзін-өзі бақылау сұрақтарын 2-ге бөлуге болады: академиялық білім мазмұны мен креативті ойлауды дамытушылық. Академиялық білім мазмұны бойынша:

- 1) Эстетикада сұлулық пен сұрықсыздықтың арақатынасы қандай?
- 2) Өнердің әр саласын салыстыра талдап беріңіз?
- 3) Қазіргі заманғы философияда өнерді зерттеу стратегияларын атап беріңіз.

Креативті сұрақтар:

1) Өнер туындыларындағы авторлардың еркіндік психологиясы туралы не түйіндей алдыңыз?

2) Еркіндік философиясы туралы дәрісте қандай маңызды мәселелер қамтылмай қалды, сіз тағы қалай толықтыра аласыз?

3) Сіз сабақ барысында, музыка тыңдау кезінде т.б. өзініңіздің логикалық ойлау операцияларыңызды қалай тізбектеп бере аласыз?

Сабаққа ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ницше Ф. *Рождение трагедии из духа музыки* // Полное собрание сочинений: В 13 томах, Ин-т философии РАН. – М.: Культурная революция, 2005-2014

2. Аристотель, *Поэтика* – М., 2000

3. Маркус С.А., *История музыкальной эстетики, т. 1-2*, – М., 1959-68

4. Рассел Б. *Батыс философиясының тарихы*. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 896 б.

5. Альбер Камю. *Оба. Бөгде*. – Астана: Аударма, 2010. – 520 б.

Бакалавриаттағы еркін өнер мен ғылымдардың кең ауқымын анықтай отырып, студенттер осылайша академиялық немесе кәсіби жұмысқа мамандандырылған дайындықтың негізін қалайды. Студенттер бір емес, кез келген мамандыққа, соның ішінде әлі ойлап табылмаған мамандықтарға дайындалу мүмкіндігіне ие болады (Tilghman, 2010).

Қорытынды

Еркін өнер және ғылым жүйесі қоғам алдында тұрған барлық мәселені шешуде панацея емес. Дегенмен дұрыс ұйымдастырылған кезде, бұл студенттердің азаматтық қоғам істеріне, оқытуға және еңбек қызметіне белсенді қатысуы үшін өмір бойы қажет болатын дағдыларды қалыптастыруына жәрдем ететін біртұтас тәсілді білдіреді. Біз қарастырған жүйе статикалық емес. Оның ұзақ уақыт бойы жеткен жетістігі, оның ішінде шарттардың өзгеруіне жауап ретінде процедураларды, ережелер мен ұйымдық құрылымды өзгерту қабілетіне байланысты. Әлемнің әртүрлі елдеріне тараған сайын бұл технологиялар ұлттық дәстүрлерді игеріп, жаңа ортаға бейімделеді. Оқыту әдістері технологиямен бірге дамиды (Беккер, 2014).

Алайда көптеген компонент осы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып қала береді. Соның негізінде студенттің жеке басының дамуына, оқу қабілетіне, өз ойын анық білдіруіне және жиі өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделуіне назар аударылады. Жоғары білімі тар мамандандыру мен оқытудағы дидактикалық тәсілдердің қысымына ұшыраған елдерде еркін өнер және ғылым моделі студенттер мен оқытушылардың қолдауына ие болатын бірегей балама тәсілдеме бола алады. Бұл жүйені енгізу оңай емес, бірақ тәжірибе көрсетіп отырғанындай, нәтижелер жұмсалған күш-жігерді толығымен ақтайды.

Еркін өнер тәжірибесінде қолданылатын талаптар мен нормалардың барынша еркін болуы арқылы білім алушының таңдау мүмкіндігі мен еркін-ой ассоциациясы негізгі роль атқармаса да, ең бастысы білім беру жүйесі мен өмір шындығының арасындағы байланыстарды нығайтуды немесе байланыстыра алуды білім алушының өзінің құзыреттілігіне қалдырудың жолға қойылуы адамның тұлғалық болмысына қайтадан философиялық тұрғыдан келуді меңзейді. Демек, тұлға перфекционизмдегідей қатаң шарттар мен талаптарды ғана орындаушы субъект емес, сол талаптар мен нормаларды басқалармен салыстыра отырып, өзі түзетін белсенді субъектіге өтеді.

Сондықтан да, біз көрсетіп отырған білім беру жүйесінде бұл үлгіде білім алушы ресми бағалудан гөрі, өзін-өзі танитын, өзін-өзі ашатын субъект қана емес, өзін бағалайтын, өзі әрі субъект, әрі объектіге айналады. Бұл бағалау жан-жақты: білім деңгейі, қабілеті, сыни ойлау машығы, креативті ойлау дағдысы т.б. Осы бағалау біздіңше, сыртқы және ішкі бағалаудың бірлігі арқылы құрылымдануы тиіс. Алған білімдерді «Сіз қанша балл алуға лайықтысыз және Сіздің тобыңыз Сізді қалай бағалайды» деген сауалдар арқылы бағалау бойынша жүргізілген тәжірибелерімізде ол шамамен 90 пайыздай объективті болып шықты.

Бұл бастапқы мәтінді түсіну, нарративтерді орындау, ішкі ойға шому, белгілі бір тұжырымдар жасау рефлексиясынан бастап, өзін-өзі бағалайтын рефлексиялауға дейін ұштасу тиіс деп ойлаймыз. Рефлексиялау өзіне үңілетін терең интроспекцияға бет түзеп бара жатқан сатылардан құралуы керек.

Ұсынылған модельді ҚР білім беру жағдайына ыңғайластыру мен тәжірибеде қолдану, бір қырынан алғанда, азды-көпті өзгерістерді де қажет етеді. Өйткені, отандық білім алушылар мен білім берушілер контингентінің сапалық ерекшеліктерін, білім беру бағдарламаларындағы тотальділікті, бір қалыпта тұрақтап қалушылықты да ескеруіміз тиіс.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР19679556 – «Қазақстандағы өзекті аударматану: теориясы және практикасы» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Авторлардың үлесі

Рыскиева Айымжан Әбуқызы – жұмыстың өзекті идеясы мен тұжырымдамасын анықтап, негізгі желісін жасады.

Айтбаева Айгүлім Боранғалиқызы – мақаланың негізгі қағидалары мен нәтижелерін айқындап, ғылыми редактурасын жасап, түпкілікті нұсқасын бекітті.

Муминов Нұрлан Әкімбайұлы – мақаланың басты сауалдарының шешімін табуына атсалысып, жұмыстың тұтастығы жауап береді.

Әдебиеттер тізімі

American higher education in the twenty-first century: Social, political, and economic challenges // Altbach P. G., Gumport P. J., Berdahl R. O.: JHU Press, 2011

Cech T. R. Science at liberal arts colleges: A better education? // Daedalus. – 1999. – Т. 128, № 1. – P. 195-216

Rothblatt S. The Living Arts: Comparative and Historical Reflections on Liberal Education. The Academy in Transition. – 2003

Schmitter P. C., Karl T. L. What democracy is... and is not // Journal of democracy. – 1991. – Т. 2, № 3. – P. 75-88

The Future of Science education in the Liberal Arts College. Princeton University. Tilghman S.M. – Princeton, 2010. Princeton University

Trends in global higher education: Tracking an academic revolution. Altbach P. G., Reisberg L., Rumbley L.E.: Brill, 2019

Авдони́на Н. Образовательная модель Liberal Arts: содержание и методы // Ценности и смыслы. – 2017. № 4. – С. 98-105

Беккер Д. Что такое образование по модели свободных искусств и наук... и чем оно не является // Свободные искусства и науки на современном этапе: опыт США и Европы в контексте российского образования. СПб.: СПбГУ / Беккер Д., Федчина Ф.В. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский государственный университет, 2014. – С. 12-40

Ван дер Венде М. Развитие высоких мировых стандартов бакалавриата: образование по модели свободных искусств в XXI веке // Свободные искусства и науки на современном этапе: опыт США и Европы в контексте российского образования: Сборник статей. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский государственный университет, 2014. – С. 48-67

Дзонис М. Можно ли учиться физике, английскому языку и медицине одновременно? [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: // <https://zonis-drew-liberal-arts&usg=AOvVaw3eVkgGpwAr1Qou3w-tdY5G&opi=89978449/> (қаралған күні: 25.12.2023)

Пилипчевская Н. Тьюторская деятельность: теория и практика: учебно-методическое пособие для студентов-тьюторов и педагогов высшей школы // Краснояр. гос. пед. ун-т им. ВП Астафьева. – 2009

Цыпцына Я. Бакалавр свободных искусств и наук: как не ошибиться с выбором специальности. [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: // <https://go.forbes.ru/education/person/yana-tsiptsina> (қаралған күні: 20.11.2023)

Айымжан Рыскиева¹, Айгулим Айтбаева², Нурлан Муминов³

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Способы применения модели «Liberal Arts» в преподавании философии

Аннотация. В статье авторы обращают внимание на новые важные для современного специалиста технологии, в том числе модель свободных искусств и науки, способную реагировать на быстро меняющиеся рыночные запросы, т. е. постоянно совершенствоваться и модернизировать знания, быть гибким, чтобы выйти за узкие рамки приобретенных навыков в рамках профессии. Ценность модели заключается в наличии межпредметных связей и интерактивности учебного процесса, а также в отличии от других технологий – в способе выбора студентами основных и дополнительных направлений специализации и особенностях статуса и роли преподавателей. По мнению авторов, одна из рациональных сторон модели заключается в том, что она применима к учебным программам, строится благоприятно в соответствии с волей студента выбирать и направлена на формирование личности, способной мыслить критически, а не накапливать готовые знания. В статье также представлены направления техники (семинар первого года, коллективные задания и проекты, практическое обучение с элементами общественной деятельности и др.), которые прошли апробацию во многих вузах Европы, Азии, России, доказавшие свою эффективность. Авторы, резюмируя свои размышления, приходят к выводу, что в странах, где высшее образование находится под давлением узкой специализации и строгих дидактических подходов к обучению, модель свободного искусства и науки может стать уникальным альтернативным подходом, который получит поддержку студентов и преподавателей.

Ключевые слова: философские знания; «Liberal Arts»; методика преподавания философии; научная литература; анализ философских текстов; перевод; язык, понимание; герменевтика.

Aiymzhan Ryskiyeva¹, Aygulim Aitbayeva², Nurlan Muminov³

¹Nur-Mubarak University of Islamic Culture of Egypt, Almaty, Kazakhstan

²Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Methods of Applying the «Liberal Arts» Model in Teaching Philosophy

Abstract. The article highlights new technologies that are important for a modern specialist. It includes a model of liberal arts and sciences that can respond to rapidly changing market demands, i.e. constantly improving and modernizing knowledge, being flexible to go beyond the narrow limits of acquired skills within the profession. The value of the model lies in the presence of interdisciplinary connections and interactivity of the educational process, as well as, unlike other technologies, in the way students choose the main and additional areas of specialization and the features of the status and role of teachers. According to the authors, one of the rational sides of the model is that it applies to educational programs, is built favorably following the student's will to choose, and is aimed at forming a personality capable of thinking critically, rather than accumulating ready-made knowledge. The article also presents the directions of technology (first-year seminar, collective tasks and projects, practical training with elements of social activity, etc.), which have been tested in

many universities in Europe, Asia, and Russia, and proved their effectiveness. Summarizing their reflections, the authors conclude that in countries where higher education is under the pressure of narrow specialization and strict didactic approaches to learning, the model of liberal arts and science can become a unique alternative approach that will receive the support of students and teachers.

Keywords: philosophical education; «Liberal Arts»; methods of teaching philosophy; scientific literature; analysis of philosophical texts; translation; language; understanding; hermeneutics.

References

Avdonina N. *Obrazovatel'naya model' Liberal Arts: sodержanie i metody* [Liberal Arts educational model: content and methods]. *Cennosti i smysly*. 4. 98-105(2017). [in Russian].

Сурьина Я. *Bakalavr svobodny'x iskusstv i nauk: kak ne oshibit'sya s vy'borom special'nosti* [Bachelor of Liberal Arts and Sciences: How not to make a mistake when choosing a specialty]. Available at: <https://go.forbes.ru/education/person/yana-tsiptsina> [in Russian]. (accessed: 20.11.2023).

Rothblatt S. *The Living Arts: Comparative and Historical Reflections on Liberal Education. The Academy in Transition.* – 2003. [in English].

Dzonis M. *Mozhno li učit'sya fizike, anglijskomu yazy'ku i medicine odnovremenno?* [Is it possible to study physics, English and medicine at the same time?]. Available at: <https://-zonis-drew-liberal-arts&usg=AOvVaw3eBkgGpwAr1Qoy3w-tdY5G&opi=89978449/> [in Russian]. (accessed: 25.12.2023).

Schmitter P.C., Karl T.L. *What democracy is... and is not.* *Journal of democracy.* 2(3). 75-88(1991). [in English].

American higher education in the twenty-first century: Social, political, and economic challenges. / Altbach P. G., Gumport P. J., Berdahl R. O.: JHU Press, 2011. [in English].

Van der Vende M. *Razvitie vy'sokix mirovy'x standartov bakalavriata: obrazovanie po modeli svobodny'x iskusstv v XXI veke. Svobodny'e iskusstva i nauki na sovremennom e'tape: opyt SShA i Evropy v kontekste rossijskogo obrazovaniya: Sbornik statej* [Developing High Global Standards for Undergraduate Education: Liberal Arts Education in the 21st Century / Liberal arts and sciences at the present stage: the experience of the USA and Europe in the context of Russian education: Collection of articles] (Sankt-Peterburg: Sankt-Peterburgskij gosudarstvenny'j universitet, 2014. 48-67). [in Russian].

Trends in global higher education: Tracking an academic revolution. / Altbach P. G., Reisberg L., Rumbly L. (E.: Brill, 2019). [in English].

Bekker D. *Chto takoe obrazovanie po modeli svobodny'x iskusstv i nauk... i chem ono ne yavlyaetsya. Svobodny'e iskusstva i nauki na sovremennom e'tape: opyt SShA i Evropy v kontekste rossijskogo obrazovaniya* [What is education according to the model of liberal arts and sciences... and what it is not. Liberal arts and sciences at the present stage: the experience of the USA and Europe in the context of Russian education]. SPb.: SPbGU / Bekker D., Fedchina F. V. (Sankt-Peterburg: Sankt-Peterburgskij gosudarstvenny'j universitet, 2014. 12-40). [in Russian].

Cech T. R. *Science at liberal arts colleges: A better education?* *Daedalus.* 128(1).195-216(1999). [in English].

Pilipchevskaya N. *T'yutorskaya deyatelnost': teoriya i praktika: uchebno-metodicheskoe posobie dlya studentov-t'yutorov i pedagogov vy'sshej shkoly* [Tutor activity: theory and practice: educational and methodological manual for student tutors and higher education teachers] (Krasnoyarsk: gos. ped. un-t im. VP Astaf'eva, 2009). [in Russian].

The Future of Science education in the Liberal Arts College. Princeton University. Tilghman S.M. (Princeton, 2010. Princeton University). [in English].

Авторлар туралы мәлімет

Рыскиева Айымжан Әбуқызы – философия ғылымдарының кандидаты, Египет ислам мәдениеті университеті дінтану кафедрасының меңгерушісі, Әл-Фараби даңғылы, 73, 050060, Алматы, Қазақстан

Айтбаева Айгүлім Боранғалиқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Нархоз университетінің профессоры, Жандосов көш., 55, 050035, Алматы, Қазақстан

Муминов Нурлан – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының постдокторанты, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан

Ryskiyeva Aiyumzhan Abukyzy – Candidate of Philosophical Sciences, Head of the Department of Religious Studies of the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Al-Farabi Avenue, 73, 050060, Almaty, Kazakhstan.

Aitbayeva Aygulim Borangalikyzy – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor at Narхоз University, Zhandossov str., 55, 050035, Almaty, Kazakhstan.

Muminov Nurlan – PhD, a postdoctoral researcher of the Department of Philosophy at the Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71, 050040, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).